ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 18 мамыр іс № 7119-26-00-2/4799 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.С.Тюлебекова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Ерлан» (Жумамуратов Ерлан Халмирзаевич) жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Ерлан» Жумамуратов Ерлан Халмирзаевич жеке кәсіпкеріне қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Ерлан» Жумамуратов Ерлан Халмирзаевич жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Ерлан» Жумамуратов Ерлан Халмирзаевич жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Тюлебекова Г.С.

Копия верна:

Судья Тюлебекова Г.С.

Справка: решение вступило в законную силу 26.06.2026 года

Судья Тюлебекова Г.С.